

**Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау мекемелері мен органдарының басшыларының сенімхаттарды және қарттар мен мүгедектер үйлерінің директорларының, бас дәрігерлерінің өсиеттерді куәландыру тәртібі туралы НҰСҚАУЛЫҚ**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен БЕКІТІЛГЕН 1998 жылдың 8 қаңтарында N 9 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 11 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 454. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 4 қарашадағы N 325 (V043191) бұйрығымен.

1. "Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау мекемелері мен органдарының басшыларының сенімхаттарды және қарттар мен мүгедектер үйлерінің директорларының, бас дәрігерлерінің өсиеттерді куәландыру тәртібі туралы" осы Нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) лауазымды адамдардың нотариаттық түрде куәландырылғандарға теңестірілген сенімхаттар мен өсиеттерді куәландыру тәртібі мен ережелерін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 167-бабына, Қазақ ССР Азаматтық кодексінің 538-бабына және Қазақстан Республикасының "Нотариат туралы" Заңының 37-бабына сәйкес нотариалдық куәландырылған құжаттарға теңестірілетіндер:

1) халықты әлеуметтік қорғау мекемелерінде тұрып жатқан кәмелетке толған жастағы әрекет қабілеттілігі бар азаматтардың осы мекемелердің немесе халықты әлеуметтік қорғаудың тиісті органының басшылары куәландырған сенімхаттары;

2) қарттар мен мүгедектер үйінде тұрып жатқан азаматтардың олардың директорларымен немесе бас дәрігерлерімен куәландырылатын өсиеттері.

3. Осы Нұсқаулықта қолданылған негізгі терминдер мен анықтамалар:

1) ӨСИЕТ - қайтыс бола қалған жағдайда азаматтың өзіне тиісті мүлікті тағайындаған мұрагеріне заңда көрсетілген үлгіде беруі жөніндегі өкімі;

2) ӨСИЕТ ҚАЛДЫРУШЫ - өзіне тиісті мүлікті өлген жағдайда мұрагеріне беру туралы өкім беруші адам;

3) СЕНІМХАТ - бір адамның (сенім білдіруші) өз атынан іс-әрекет жасау үшін екінші бір адамға (сенім білдірілген адамға) жазбаша сенім білдіруі;

4) СЕНІМ БІЛДІРУШІ - өз атынан сенімхат беруші адам;

5) СЕНІМ БІЛДІРІЛГЕН АДАМ - сенім білдірушінің мүддесін білдіруші адам

;

6) ҚОРҒАНШЫЛЫҚ (ҚАМҚОРШЫЛЫҚ) - ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырау, тәрбиелеу және білім беру, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, сондай-ақ әрекет қабілеттілігі жоқ немесе әрекет қабілеттілігі шектелген адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі мемлекеттік қамқорлықтың құқықтық нысандарының бірі;

7) ҚОРҒАНШЫ (ҚАМҚОРШЫ) - мемлекеттің ата-ана қамқорлығынан айрылған және балалар үйінде немесе осыған ұқсас өзге мекемелерде тұрмайтын баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді, сондай-ақ әрекет қабілеттілігі жоқ немесе әрекет қабілеттілігі шектелген кәмелетке толғандардың құқықтары мен мүдделерін қорғау міндеттерін жүктейтін адам;

8) ҚАМҚОРЛЫҚҚА АЛЫНҒАН - қорғаншылық (қамқоршылық) белгіленетін адам;

9) КУӘЛАНДЫРУ ЖАЗБАСЫ - құжаттың куәландырылу немесе құжатты беру күнін, құжатты куәландырған адамның тегін, нотариаттық іс-әрекеттің жасалу орнын, жасалған нотариаттық іс-әрекеттің атауын, нотариаттық іс-әрекеттің реестрде тіркелу туралы мәліметтерін, нотариаттық іс-әрекеттер жасауға өкілеттік берілген адамның қойған қолын, мөрдің бедерлемесін көрсетумен нотариаттық іс-әрекеттер жасауға өкілетті адамның нотариаттық іс-әрекеттердің жасалған фактісін куәландыратын жазбасы;

10) ӘРЕКЕТ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ - азаматтың өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарға ие болуға және оны жүзеге асыруға, өзі үшін азаматтық міндеттер жасап, оларды орындауға қабілеттілігі;

11) ӘРЕКЕТ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ ЖОҚ АЗАМАТ - заңмен белгіленген тәртіпте жүйке ауруы немесе ақыл-есінің кемдігі салдарынан өз іс-әрекеттерінің мәнін түсіне алмайтын немесе не істегенін білмейтіндігі салдарынан сотпен әрекет қабілеттілігі жоқ деп танылған азамат;

12) ӘРЕКЕТ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ ШЕКТЕЛГЕН АЗАМАТ - спирт ішімдіктеріне немесе есірткі заттарға салыну салдарынан өзінің отбасын материалдық жағынан ауыр жағдайға ұшыратқан және белгіленген заң тәртібі бойынша сот арқылы әрекет қабілеттілігі шектелген азамат;

13) ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАР - халықты әлеуметтік қорғау мекемелері мен органдарының басшылары, қарттар мен мүгедектер үйлерінің директорлары, бас дәрігерлері.

4. Халықты әлеуметтік қорғау мекемелері мен органдарындағы, қарттар мен мүгедектер үйлерінде тұрып жатқан немесе халықты әлеуметтік қорғау органдарына келген мүдделі адамдардың ауызша өтініштері бойынша сенімхаттар мен өсиеттер куәландырылады.

5. Лауазымды адамдар өздері куәландырған сенімхаттар мен өсиеттер құпиялығын сақтаулары тиіс. Өсиет мазмұны ешкімге де, соның ішінде өсиетте

аты көрсетілген адамдарға да хабарланбайды.

Сенімхаттың бары немесе оның мазмұны туралы анықтама тапсырыс бойынша сенімхат куәландырылған, не оның өкілдігіне ие болған адамға ғана беріледі.

Өсиеттің барлығы және оның мазмұны туралы анықтама өсиет қалдырушы қайтыс болып, оның өлгені туралы куәлік ұсынылғанынан кейін ғана беріледі.

Куәландырылған сенімхаттар мен өсиеттер туралы мәліметтер сот, прокуратура, сондай-ақ тергеу және алдын-ала анықтау органдарының жазбаша талаптары бойынша олардың өндірісіндегі қылмыстық және азаматтық істер бойынша беріледі.

6. Куәландырылған сенімхаттар мен өсиеттердің құпиялығын сақтау ережесі, сондай-ақ қызмет бабы бойынша немесе міндеттердің орындалуына байланысты куәландырылған сенімхат пен өсиет белгілі болған адамдарға да тарайды.

7. Лауазымды адамдар, сондай-ақ қызметтік міндетті орындаумен байланысты куәландырылған сенімхаттар мен өсиеттер белгілі болған адамдар куәландырылған құжаттар құпиясын қасақана ашқан жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапқа тартылады.

8. Лауазымды адам сенімхаттар мен өсиеттерді куәландырған сәтте сенімхат немесе өсиетті куәландыруды өтінген адамның жеке басын анықтайды және оның әрекет қабілеттілігін тексереді.

Келген адамның жеке басы төлқұжаты немесе оның жеке басының куәлігі бойынша анықталады.

18 жасқа толғандардың ғана сенімхаттары мен өсиеттері куәландырылуға жатады.

9. Лауазымды адам өсиетті куәландырған кезде өсиет қалдырушы өз іс-әрекетінің мән-маңызын түсіне алатынына, оны басшылыққа алатынына, әзірленген өсиетке қатысты адасушылықтың жоғына, оған ешкім қоқан-лоқы жасамайтынына және алдамайтынына көз жеткізу қажет.

10. Жүйке ауруы немесе ақыл-есінің кемдігі салдарынан күшіне енген соттың шешімімен әрекет қабілеттілігі жоқ деп танылған адамдардың сенімхаттары мен өсиеттері, сондай-ақ сенімхаттар мен өсиеттерді жасау кезінде (мысалы, алкогольдік, есірткі немесе токсикоманиялық мастықта тұрған адамдардың) өзінің іс-әрекеттерін түсіне алмаған және оларға басшылық жасай алмаған жағдайдағы адамдардың сенімхаттары мен өсиеттері куәландырылмайды.

11. Егер сенімхаттар немесе өсиеттерді куәландыруды өтінген адамның сот арқылы белгілі заң тәртіптерімен әрекет қабілеттілігі шектелсе, онда лауазымды адам :

1) оның қамқоршысының келісімі бойынша ғана мүлікке иелік ету сенімхатын куәландырады ;

2) өсиетті куәландырудан бас тартады.

12. Лауазымды адам сенімхатты немесе өсиетті куәландырмас бұрын:

1) сенімхаттар немесе өсиетті куәландыруға байланысты туындайтын салдарлар туралы сенім білдіруші немесе өсиет қалдырушыға алдын-ала ескертуге;

2) сенімхат немесе өсиетті өзгерту, күшін жою тәртіптерін түсіндіруге;

3) сенімхат немесе өсиеттен туындайтын олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

4) сенім білдірушінің немесе өсиет қалдырушының өтініші бойынша сенімхат немесе өсиет жобасын жасауға міндетті.

13. Сенімхат немесе өсиет дайындаушы лауазымды адам мүдделі адамға жобаның мазмұнын дауыстап оқып береді, немесе соңғы бұл жобаны өзі оқып шығады. Мүдделі адам жобамен келіскен жағдайда лауазымды адамның қатысуымен оған қол қояды.

14. Егер сенімхат немесе өсиетті куәландыруды өтінген әрекет қабілеттілігі бар адам:

1) дене кемістігі немесе басқа да бір себептермен қол қоя алмаса, онда оның өтінуі және қатысуымен, сондай-ақ лауазымды адамның қатысуымен құжатқа сенім білдіруші немесе өсиет қалдырушының өзінің қол қоя алмайтын себеп-салдары көрсетіліп, екінші бір адамның құжатқа қол қоюы мүмкін;

2) дене кемістігінің салдарынан (керең, мылқау немесе керең-мылқау) өз еркін айқын білдіре алмаған жағдайда, онымен түсінісе алатын, сенімхаттың немесе өсиеттің мазмұны керең, мылқау немесе керең-мылқау адамның еркіне сәйкес келетіні туралы өз қолымен куәландыратын сауатты, әрекет қабілеттілігі бар адам сенімхатты немесе өсиетті куәландыратын сәтте міндетті түрде қатысуы тиіс;

3) сауатсыздығының немесе дене кемістігінің салдарынан куәландырылған сенімхат пен өсиеттің мазмұнымен таныса алмайтын (мысалы, көзі шала көретін немесе мүлдем көрмейтін) жағдайда оған құжат мәтіні оқылып, құжатқа бұл жөнінде тиісті жазбалар жазылады.

15. Сенім білдірілген адам сенім білдіруші үшін қол қоя алмайды.

Мүлік өсиет етілген адамның өсиет қалдырушы үшін қол қоюына болмайды.

Сенімхат пен өсиетті куәландырушы лауазымды адам сенім білдіруші немесе өсиет қалдырушы үшін қол қоя алмайды.

16. Сенімхат немесе өсиеттің мәтіні анық жазылған немесе басылған болуы тиіс. Құжаттың мәтінінің қолмен жазылған жағдайында көк немесе күлгін түсті сия пайдаланылады.

Тазартулар, қосып жазылған, сызылған сөздер немесе ескертілмеген басқа түзетулері бар, сондай-ақ қарындашпен немесе фломастермен жазылған

құжаттар куәландырылмады.

Куәландырылатын құжаттың мәтініндегі күн мен мерзім кем дегенде бір рет сөзбен жазылуға тиіс. Жеке тұлғалардың тегі, есімі, әкесінің аты, олардың мекен-жайлары толық, ал заңды тұлғалардың орналасқан жерлері көрсетілумен қысқартылмай жазылады.

Сенімхаттар мен өсиеттердегі толық жазылмаған жолдар мен басқа бос орындар сызылады, қосып жазылған және түзетілген сөздер сенім білдіруші немесе өсиет қалдырушы қол қояр алдында ескертілуі керек және куәландыру жазбасының соңында қайталануы, мұнда қате жазылып, артынан сызылғандардың барлығы алғашқы мәтіні оқуға болатындай етіп түзетілуі тиіс.

17. Сенімхатты немесе өсиетті куәландырудан мынадай жағдайларда:

- 1) мұндай іс-әрекетті жасау заңға қайшы келсе;
- 2) сенімхатты немесе өсиетті куәландыру туралы өтінішпен әрекет қабілеттілігі жоқ адам келсе;
- 3) сенімхат немесе өсиеттің мазмұны заң талаптарына сәйкес келмесе бастартылуы мүмкін.

Сенімхат пен өсиетті куәландыруды өтінген адамға одан бас тартылған жағдайда лауазымды адаммен бас тартудың себебі көрсетіле отырып, дереу жазба түрдегі қаулы табыс етіледі.

18. Сенімхат немесе өсиетті куәландырудан бас тартылғаны, сондай-ақ оларды дұрыс куәландырмағаны үшін сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

19. Лауазымды адамның сенімхатты немесе өсиетті өзінің атына, өзінің атынан, зайыбының атына және оның атынан, туған-туысқандары (әке-шешесі, балалары, аға-інілері, апа-қарындастары, немерелері, ата-әжесі) атына және олардың атынан куәландыруға құқығы жоқ.

Жоғарыда көрсетілген ережелерді бұзу арқылы куәландырылған сенімхаттар мен өсиеттер жарамсыз болып табылады.

20. Жастары кәмелетке толған азаматтардың біреуінің атынан екінші біреуінің атына, бірнеше адамның атынан бір адамның атына және бір адамның атынан бірнеше адамның атына куәландырылуы мүмкін.

21. Сенімхатты куәландыруды өтінген адамға:

- 1) сенімхатта сенім білдіруші осы сенімхат арқылы оған берілген өкілеттіктерді басқа адамға қайта сеніп тапсыра алуын көрсетуі;
- 2) берілген сенімхаттың күшін жою құқығы түсіндіріледі.

Сенім білдіруші сенімхаттың күшін жойған жағдайда ол осы сенімхат табыс етілетін мекемеге, ұйымға, кәсіпорынға оның бұзылғандығы жөнінде жазбаша өтініш жолдауы тиіс.

22. Сенімхат мына үлгілерде жазылуы мүмкін:

- 1) N 1 үлгі - мүлікке жалпы иелік етуге сенімхат берілгенде;

2) N 2 үлгі - үй, пәтер, саяжай, гаражды сатуға;

3) N 3 үлгі - жалақы алуға;

4) N 4 үлгі - мұрагерлік істі жүргізуге.

Басқа сұрақтар бойынша сенімхаттар жоғарыда көрсетілген үлгілерге сәйкес ж а с а л а д ы .

23. Сенім білдірілген адамның өкілдігі сенімхатта дәл айқындалуы қажет. Мысалы, сенім білдіруші тұрғын үйді сату жөнінде сенімхат берген кезде өзіне тиесілі үйді сенім білдірілген адамның кімге, қандай бағаға және қандай шартпен сатуы тиіс екендігін көрсетуге құқылы немесе сенім білдірілген адам өз қарауы бойынша іс-әрекет жасай алады.

24. Сенімхаттың қолданылу мерзімін сенімхат берген адам өз қалауынша белгілейді, бірақ үш жылдан асырмауы тиіс.

Егер сенімхатта оның қолданылу мерзімі көрсетілмесе, онда ол берілген күннен бастап, бір жылға дейін күшінде болады.

Сенімхаттың іс-әрекет мерзімі жазбаша көрсетіледі.

25. Өсиет бір адамның атынан ғана жасалады.

Бірнеше адамның атынан (ерлі-зайыптылардың аға-інілердің, апа-сіңлілердің және т.б.) жасалған өсиет куәландырылуға жатпайды.

Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қорғаншының қорғаншылыққа алынғанның атынан жасалған, сондай-ақ өсиет қалдырушының қатысуымен ғана куәландырылатындығынан сенімхат негізінде жасалған өсиетті куәландыруға р ұ қ с а т е т і л м е й д і .

26. Лауазымды адам ҚазССР Азаматтық кодексінің 530-бабына сәйкес өсиет қалдырушының кәмелетке толмаған немесе еңбекке жарамсыз балалары (соның ішінде асырап алған балалары), сондай-ақ еңбекке жарамсыз жұбайы, ата-анасы (асырап алушылары) және өлген адамның қарауында болғандар өсиет мазмұнына қарамастан заң бойынша әрқайсысы кемінде үштен екі үлеске (міндетті үлес) ие болатынын өсиет қалдырушыға түсіндіруге міндетті. Міндетті үлес мөлшерін анықтаған кезде үй-іші тұрмысында қолданатын заттардың да бағасы ескеріледі.

27. Лауазымды адам өсиет қалдырушыны оның тілегі бойынша ҚазССР Азаматтық кодексінің 527-530 баптарымен анықталатын мұрагерлердің шеңберімен таныстырады, сондай-ақ өсиет қалдырушының мынадай құқықтарының бар екендігін түсіндіреді:

1) өсиет бойынша өз мүлкін немесе оның бір бөлігін (үй тұрмысында ұсталатын заттармен қоса) заң бойынша мұрагерге жататын немесе жатпайтын бір немесе бірнеше адамға, сондай-ақ мемлекетке, жекелеген заңды тұлғаларға қалдыруға болады. Өсиет қалдырушы өз өсиетінде ҚазССР Азаматтық кодексінің 530-бабында көзделген міндетті мұрагерлерден басқа, заң бойынша бір, бірнеше

немесе барлық мұрагерді мұрагерлік құқықтан айыра алады;

2) егер өсиет бірнеше адамның пайдасына жасалса, онда әрбір мұрагерге өсиет етілетін мүлік үлесі атап көрсетіледі, мұндағы үлес нақты түрде (мысалы, "бірдей мөлшерде", "екіден бір үлес") белгіленеді;

3) жанасы жасалып, кез келген уақытта өсиетті өзгертуі немесе күшін жоюға құқылы екендігі. Өсиет қалдырушы сондай-ақ сақтауға тапсырған нотариуска өтініш беру жолымен өсиетінің күшін жоя алады.

28. Мазмұнына қарай өсиет мынадай үлгілерде жасалуы мүмкін:

1) N 5 үлгі бойынша - егер өсиет қалдырушы өсиет бойынша өзінің барлық мүлкін қалдырғысы келсе;

N 6 үлгі бойынша - егер өсиет қалдырушы мүлкінің қандай да болмасын бір бөлігін (мәселен, банктегі салымын) бөліп алғысы келсе;

N 7 үлгі бойынша - егер өсиет қалдырушы барлық өзге мүліктеріне тиіспей, мүліктің белгілі түрін өсиет бойынша қалдыруды қаласа.

29. Куәландыру кезінде өсиет қалдырушыдан өсиет етілген мүлкінің өзінікі екендігін растау, сондай-ақ пайдаларына өсиет қалдырылған адамдардың туыстық қатынасы туралы дәлелдемелер талап етілмейді.

30. Сенім білдіруші немесе өсиет қалдырушы қол қойған сенімхат немесе өсиет лауазымды адаммен куәландырылуы мүмкін. Құжатты куәландыру ұсынылған үлгілер (NN 8,9) бойынша куәландыру жазбасымен расталады.

Осы Нұсқаулықтың 14-тармағында көзделген жағдайларда куәландыру жазбасы NN 10,11 үлгілер бойынша жасалып, сенім білдіруші немесе өсиет қалдырушының құжатқа қол қоя алмаған себептері көрсетіледі.

31. Куәландыру жазбасы құжатқа құжат жасалған күні жазылады. Куәландыру жазбасының мәтіні жазу машинкасымен басылу немесе қолмен жазылуы мүмкін. Куәландыру жазбасын тазартып өшіруге рұқсат етілмейді. Сенімхаттың немесе өсиеттің үстіне жазу және басқа түзетулер осы құжаттарды куәландыру жазбаларында лауазымды адаммен ескертілуі тиіс.

32. Куәландыру жазбасы құжаттың бірінші немесе келесі бетінде, немесе жеке парақта сенім білдіруші немесе өсиет қалдырушының қолдарын қойғанынан кейін жасалады. Куәландыру жазбасы жеке парақта түсірілген жағдайда, сондай-ақ құжат мазмұны бірнеше бетте берілсе, барлық парақ нөмірленуі және жіппен қайымдалуы тиіс, осы туралы тиісті жазу жазылып, лауазымды адамның қолымен расталады және халықты әлеуметтік қорғау мекемесінің немесе органының мөрімен бекітіледі.

Сенімхаттағы немесе өсиеттегі куәландыру жазбасына лауазымды адамның қолы қойылады және халықты әлеуметтік қорғау мекемесінің немесе органының мөрімен бекітіледі.

33. Сенімхат немесе өсиет екі дана болып куәландырылады және N 12

үлгідегі реестрде тіркелуге жатады.

Тіркелуге арналған реестрдің нөмірленуі, жіппен қайымдалуы, лауазымды адамның қолы қойылуы және халықты әлеуметтік қорғау мекемесінің немесе органының мөрімен бекітілуі тиіс.

Осы реестрге тіркелген сенімхат немесе өсиеттің рет саны бұл сенімхаттың немесе өсиеттің екі данасының куәландыру жазбасына жасалу керек.

34. Реестрге тиісті жазу жазылғаннан кейін сенімхаттың бір данасы сенім білдірушінің қолына беріледі немесе оның өтініші бойынша және осының қаржысының есебінен ол көрсеткен мекен-жайдағы сенім білдірілген адамға жіберіледі. Басқа данасы халықты әлеуметтік қорғау мекемесінде немесе о р г а н ы н д а с а қ т а л а д ы .

35. Лауазымды адам реестрге тиісті жазу жазғаннан кейін өсиеттің бір данасын өсиет қалдырушының қолына береді, ал екінші данасын өзі куәландырған мерзімнен бастап он күн ішінде өсиет қалдырушының тұрақты мекен-жайы бойынша нотариусқа сақтауға тапсыруға міндетті.

36. Егер өсиет қалдырушының Қазақстан Республикасында тұрақты мекен-жайы болмаса немесе оның қайда тұратыны белгісіз болса, өсиет Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі анықтайтын нотариусқа жіберіледі.

№ 1 қосымша

Мүлікті басқаруға

сенімхаттың үлгі нысаны

### **СЕНІМХАТ**

Алматы қаласы, бір мың тоғыз жүз тоқсан жетінші жылдың бесінші наурызы

Мен, төменде қол қоюшы, Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 15-үй, 8-пәтерде тұратын Королев Иван Александрович осы сенімхатпен Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 16-үйде тұратын Веницианова Элла Петровнаға

өзіме тиісті қандай да болмасын және қайда болмасын барлық мүлкімді басқаруға және оларға иелік етуге, мүлікті басқару және оларға иелік ету жөнінде заңмен рұқсат етілген барлық мәмілелерді жасауға: тұрғын үйлер мен басқа мүліктерді: сатып алуға, сыйға тартуға, сыйға алуға, ауыстыруға, кепілге беруге және кепілге алуға, жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуға; мұраларды қабылдауға немесе олардан бас тартуға; барлық адамдардан, мекемелерден, кәсіпорындардан, ұйымдардан, соның ішінде банк бөлімшелерінен, пошта бөлімдері мен телеграфтардан барлық негіздер бойынша маған тиісті мүліктерді, ақшаларды (салымдарды), бағалы қағаздарды, сондай-ақ басқа құжаттарды алуға; банктегі шоттарымды басқаруға; пошта, телеграф және әртүрлі корреспонденциялар, соның ішінде ақшалай және сәлемдемелерді алуға; барлық





Петровичке \_\_\_\_\_

-----  
(мекеменің атауы)

бухгалтериясынан \_\_\_\_\_ жылдың \_\_\_\_\_ айындағы маған тиесілі жалақымды алуға сенім білдіремін, оған мен үшін қол қою құқығын және осы тапсырманы орындауға байланысты барлық іс-әрекеттерді жасауға құқық беремін.

Сенімхат бір жыл мерзімге берілді

Қолы \_\_\_\_\_

№ 4 қосымша

Мұралық істі жүргізу және  
мұраға құқық туралы  
куәлікті алуға сенімхаттың

үлгі нысаны

Алматы қаласы, бір мың тоғыз жүз тоқсан жетінші жылдың екінші сәуірі

Мен, Алматы қаласы, Трубная көшесі, 6-үй, 12-пәтерде тұратын Оганесова

В и к т о р и я

П е т р о в н а

Қостанай қаласы, Пашков көшесі 8-үйде тұратын Матвеев Федор Ивановичке Қостанай қалалық мемлекеттік нотариалдық кеңсесінде мұралық істі жүргізуге және 1997 жылдың 2-қаңтарында қайтыс болған әкем Оганесов Артем Петровичтен қалған, үй-іші тұрмысында ұсталатын заттардан, сондай-ақ Қостанай қаласы, Некрасов көшесі 3-ші тұрғын үйден тұратын мұралық мүлікті алу құқығымен мұраға құқық туралы куәлікті алуға сенім білдіремін.

Көрсетілген іс-әрекеттерді жасау үшін оған менің атымнан өтініштер беруге, анықтамалар мен қажетті құжаттарды алуға, мен үшін қол қоюға және осы тапсырманы орындауға байланысты барлық қажетті іс-әрекеттерді орындауға өкілеттілік беремін.

Сенімхат екі жыл мерзімге берілді.

Қолы \_\_\_\_\_

№ 5 қосымша

Барлық мүлікке өсиеттің нысаны

**ӨСИЕТ**

\_\_\_\_\_ жылдың \_\_\_\_\_ айының \_\_\_\_\_

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ күні.

Мен, төменде қол қоюшы \_\_\_\_\_

(өсиет қалдырушының тегі, аты

\_\_\_\_\_ әкесінің аты, соңғы тұрақты мекен-жайы)

менің қайтыс болу жағдайыма осы өсиетіммен мынадай өкім жасаймын:

Мен қайтыс болған күнде маған тиесілі болатын қайда және қандай да болмасын барлық мүлкімді мен \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (пайдасына мүлік өсиет етілген адамдардың тегі,

\_\_\_\_\_ аттары және әкелерінің аттары)

өсиет етемін.

ҚазССР Азаматтық кодексінің (ерекше бөлім) 530-бабы маған т ү с і н д і р і л д і .

Осы өсиет екі данада жасалды және қол қойылды, оның біреуі сақтауға \_\_\_\_\_ нотариусқа \_\_\_\_\_ жіберіледі,

\_\_\_\_\_ (оның мекен-жайын немесе нотариалдық \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ кеңсенің атауын көрсетумен нотариустың тегі,

\_\_\_\_\_ аты, әкесінің аты)

ал \_\_\_\_\_ екіншісі \_\_\_\_\_ өсиет \_\_\_\_\_ қалдырушыға \_\_\_\_\_ беріледі.

Өсиет қалдырушының қолы \_\_\_\_\_

№ 6 қосымша

Барлық мүлікке, соның ішінде оның жекелеген түрлеріне өсиеттің нысаны

### ӨСИЕТ

\_\_\_\_\_ жылдың \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ айының \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ күні.

Мен, төменде қол қоюшы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (өсиет қалдырушының тегі, аты,

\_\_\_\_\_ әкесінің аты, соңғы тұрақты мекен-жайы)

менің қайтыс болу жағдайыма осы өсиетіммен мынадай өкім жасаймын:

Мен қайтыс болған күнде маған тиесілі болатын қайда және қандай да болмасын барлық мүлкімді, соның ішінде \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (мүліктің атауы)

м \_\_\_\_\_ е \_\_\_\_\_ н \_\_\_\_\_

(пайдасына мүлік өсиет етілген адамдардың тегі,

аттары және әкелерінің аттары)

ө с и е т е т е м і н .

ҚазССР Азаматтық кодексінің (ерекше бөлім) 530-бабы маған  
т ү с і н д і р і л д і .

Осы өсиет екі данада жасалды және қол қойылды, оның біреуі  
сақтауға нотариуска жіберіледі,

(оның мекен-жайын немесе нотариалдық

кеңсенің атауын көрсетумен нотариустың тегі,

аты, әкесінің аты)

ал екіншісі өсиет қалдырушыға беріледі.

Өсиет қалдырушының қолы \_\_\_\_\_

№ 7 қосымша

Мүліктің жекелеген түрлеріне

өсиеттің нысаны

## ӨСИЕТ

\_\_\_\_\_ жылдың \_\_\_\_\_ айының \_\_\_\_\_

" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ күні.

Мен, төменде қол қоюшы \_\_\_\_\_

(өсиет қалдырушының тегі, аты,

\_\_\_\_\_ әкесінің аты, соңғы тұрақты мекен-жайы)

менің қайтыс болу жағдайыма осы өсиетіммен мынадай өкім жасаймын:

Маған тиесілі \_\_\_\_\_

(мүліктің атауы)

мен \_\_\_\_\_

(пайдасына мүлік өсиет етілген адамдардың тегі,

аттары және әкелерінің аттары)

өсиет етемін.

ҚазССР Азаматтық кодексінің (ерекше бөлім) 530-бабы маған  
т ү с і н д і р і л д і .

Осы өсиет екі данада жасалды және қол қойылды, оның біреуі сақтауға нотариуска жіберіледі, \_\_\_\_\_  
(оның мекен-жайын немесе нотариалдық

\_\_\_\_\_ кеңсенің атауын көрсетумен нотариустың тегі,

\_\_\_\_\_ аты, әкесінің аты)

ал екіншісі өсиет қалдырушыға беріледі.

Өсиет қалдырушының қолы \_\_\_\_\_

N 8 қосымша

**Сенімхат берген адам қол қойған сенімхатына  
КУӘЛАНДЫРУ ЖАЗБАСЫ**

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 19 \_\_\_\_ жыл

Осы сенімхат \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (халықты әлеуметтік қамтамасыз ету мекемесінің

\_\_\_\_\_ немесе органының атауын, сенімхатты куәландырған \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ адамның тегі мен аты-жөнін көрсету қажет)

\_\_\_\_\_ директоры (бас дәрігері) немесе бастығы,  
менімен куәландырылды.

Сенімхатқа менің қатысуыммен азамат \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты)

қол қойды.

Сенім білдірушінің жеке басы анықталды, оның әрекет қабілеттілігі тексерілді

Реестрде N \_\_\_\_\_ тіркелді

Директор (бас дәрігер)  
немесе бастық \_\_\_\_\_

(қолы)

Мөр

N 9

қосымша

**Өсиет қалдырушының жеке өзі қол қойған өсиетіне  
КУӘЛАНДЫРУ ЖАЗБАСЫ**

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 19 \_\_\_\_ жыл

Осы өсиет \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(интернат үйінің атауы, өсиетті куәландырған

\_\_\_\_\_

директордың (бас дәрігердің), тегі, аты-жөні)

\_\_\_\_\_ директоры (бас дәрігері), менімен куәландырылды.

Өсиетке менің қатысуыммен азамат \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты)

қол қойды.

Өсиет қалдырушының жеке басы анықталды, әрекет қабілеттілігі тексерілді.

Реестрде N \_\_\_\_\_ тіркелді

Директор (бас дәрігер) \_\_\_\_\_

(қолы)

Мөр

N 10 қосымша

**Сенімхат берген адамның тапсыруы бойынша  
басқа адам қол қойған сенімхатына  
КУӘЛАНДЫРУ ЖАЗБАСЫ**

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 19 \_\_\_\_ жыл

Осы сенімхат \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(халықты әлеуметтік қорғау мекемесінің немесе органының

\_\_\_\_\_

атауын, сенімхатты куәландырған адамның

\_\_\_\_\_

тегі мен аты-жөнін көрсету қажет)

\_\_\_\_\_ директоры (бас дәрігері), менімен куәландырылды.

Ауруы себепті (дене кемістігі немесе әлдебір басқа себептер  
бойынша) азамат \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(сенім білдірушінің тегі, аты, әкесінің аты)

және оның тапсыруы бойынша сенімхатқа менің қатысуыммен азамат

\_\_\_\_\_

(сенімхатқа қол қойған адамның тегі, аты, әкесінің аты)

қ о л

қ о й д ы .

Сенім білдірушінің жеке басы анықталды, оның әрекет қабілеттілігі тексерілді.

Сенімхатқа қол қойған азамат \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (қол қойған адамның тегі және аты-жөні)

\_\_\_\_\_ жеке басы анықталды.

Реестрде N \_\_\_\_\_ тіркелді

Интернат үйінің директоры (бас дәрігері)  
немесе мекеменің бастығы \_\_\_\_\_

(қолы)

Мөр  
қосымша

N 11

**Өсиет қалдырушының өтініші бойынша  
басқа адам қол қойған өсиетке  
КУӘЛАНДЫРУ ЖАЗБАСЫ**

" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 19 \_\_\_\_ жыл

Осы өсиет \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (интернат үйінің атауы, өсиетті куәландырған

директордың (бас дәрігердің) тегі, аты-жөні)

\_\_\_\_\_ директоры (бас дәрігері), менімен куәландырылды.

Ауруы себепті \_\_\_\_\_

(өсиет қалдырушының

\_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты)

оның тапсыруы бойынша және менің қатысуыммен өсиетке азамат

\_\_\_\_\_ (өсиет қалдырушы науқас үшін қол қойған

\_\_\_\_\_ адамның тегі, аты, әкесінің аты)

қол қойды.

Өсиет қалдырушының жеке басы анықталды, әрекет қабілеттілігі тексерілді.

Өсиетке қол қойған адамның жеке басы анықталды.

Реестрде \_\_\_\_\_ тіркелді

Директор бас дәрігер \_\_\_\_\_  
(КОЛЫ)

Мөр

№ 12 қосымша

**Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау  
мекемелерінің және органдарының басшыларының  
қуәландырған өсиеттері мен сенімхаттарын тіркеу  
РЕЕСТРІ**

Рет саны	Өсиетті қуәландыру күні	Өсиет қалдырушының тегі, аты және оның мекен-жайы	Нотариаттық іс әрекеттің қысқаша мазмұны	Құжатты алғаны туралы (қай нотариусқа қолхат және оның мекен-жайы көрсетілуі тиіс)	Өсиеттің жіберілгені туралы белгі
1.	15.07.97	Сидоров Петр Иванович, Алматы қ-сы, Саин көшесі 1-үй.	Барлық мүлкін ұлы Сидоров Петр Петровичке өсиет етеді.	Сидоров	Өсиеттің бір дана. сы Алматы қаласы, Разин көшесі, 20-үй мекен-жайы бойынша Зеев Иван Ивановичке жіберілді

№ 13 қосымша

Өсиеттің күшін жою туралы

өтініштің үлгі нысаны

\_\_\_\_\_ қаласы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ нотариусы \_\_\_\_\_

(нотариустың тегі, аты, әкесінің аты және

\_\_\_\_\_ оның заңды мекен-жайын көрсету қажет)

азамат

\_\_\_\_\_ (өсиет қалдырушының тегі, аты,

\_\_\_\_\_ әкесінің аты және өсиет қалдырушының

\_\_\_\_\_ соңғы тұрақты мекен-жайы)



**ӨТІНІШ**

Менің атымнан \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (интернат үйінің атауы, өсиетті куәландырған

директордың (бас дәрігердің) тегі, аты-жөні)  
директорымен (бас дәрігерімен) куәландырылған

\_\_\_\_\_ (өсиеттің куәландырылған күні)  
өсиеттің күшін осы өтінішпен жоямын.

Қолы \_\_\_\_\_

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 19 \_\_ жыл

N 14 қосымша

Өсиетті куәландырудан бас тарту  
туралы Қаулының үлгі нысаны

**ҚАУЛЫ**

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 19 \_\_ жыл \_\_\_\_\_ қаласы

М е н ,

\_\_\_\_\_ (интернат үйінің атауы)

\_\_\_\_\_ директоры (бас дәрігері)

\_\_\_\_\_ (тегі және аты-жөні)

\_\_\_\_\_ тұратын

(келген адамның соңғы тұрақты мекен-жайы)

азамат \_\_\_\_\_

(келген адамның тегі, аты, әкесінің аты)

өсиетті куәландыру жөніндегі өтінішін қарай келіп, өсиеттер мен сенімхаттарды куәландырудың тәртіптері туралы Нұсқаулықтың 17 т. басшылыққа ала отырып, өсиетті куәландырудан келесі негіздер бойынша  
б а с т а р т а м ы н :

\_\_\_\_\_ (бас тартудың негіздері көрсетіледі)

Осы бас тартуға он күннің ішінде \_\_\_\_\_

(соттың атауын көрсету қажет)

шағым жасалуы мүмкін.

---

И н т е р н а т            ү й і н і ң  
директоры    (бас    дәрігері)    \_\_\_\_\_  
(қолы)

Мөр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК